

**Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан ауылдық округі,
Ащыбұлақ ауылы Момышұлы №4**

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«Ақтілек» бөбекжай-балабақшасы
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ұсынылған папкалар тізімі

№1 папка Құрылтай құжаттары

№2 папка Сапалық құрам, диплом және сертификаттар көшірмелері

№3 папка Балалар тізімі

№4 папка Тәрбиелеу-білім беру процесі

№5 папка Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг (индикатор, жиынтық есеп, жеке даму парағы, әдіскер жиынтығы)

№6 папка Дамытушы орта, жиһаз және жабдықтар тізімі, оқу әдістемелік кешен.

Құрылтай құжаттары	Сапалық құрам, диплом және сертификаттар көшірмелері	Балалар тізімі	Тәрбиелеу-білім беру процесі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг (индикатор, жиынтық есеп, жеке даму парағы, әдіскер жиынтығы)	Дамытушы орта, жиһаз және жабдықтар тізімі, оқу әдістемелік кешен.
Құрылтай құжаттары	Сапалық құрам, диплом және сертификаттар көшірмелері	Балалар тізімі	Тәрбиелеу-білім беру процесі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг (индикатор, жиынтық есеп, жеке даму парағы, әдіскер жиынтығы)	Дамытушы орта, жиһаз және жабдықтар тізімі, оқу әдістемелік кешен.

**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ «АҚТІЛЕК»
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУДАН ӨТУ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Білім беру ұйымының толық атауы: Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«Ақтілек» бөбекжай- балабақшасы

Құрылған жылы –2019ж

Ғимарат –286,1

Ғимараттың қолданысқа берілген жылы –

Жер көлемі –0,0952га

Оқыту тілі – қазақ тілі

Жұмыс аптасының ұзақтығы – 5 күндік

Балабақшадағы топ саны – 3

Тәрбиеленушілер саны –75

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Қазақстан ауылдық округі Ащыбұлақ ауылы, Момышұлы к-сі №4 үй, пошта индексі 040416

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды поштасы, web-сайт):

Телефон, факс +7 7772789176

Электрондық поштасы dautkulovaaibarsha@gmail.com

Инстаграмм парақшаларының адресі. [aktilekbalabakshasy .aktilekbalabaksha](https://www.instagram.com/aktilekbalabakshasy)

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы) құрылтайшы Шалағызоз Жанадил Салиұлының бұйрығымен 2016 жылғы «18» «13» №«15» бұйрығымен

тағайындалған, байланыс телефоны + 7 7772789176

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары:

1. Жарғы, құрылтайшының шешімімен 2019 жылғы «07» «10» №«2» бұйрығымен бекітілген

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, 2019жылғы 05 қазан , БСН 191040007702

6) Рұқсат беру құжаттары:

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама.

- көрсетілген) Бөлмелер жапық лампаларымен жабдықталған. Әр топта және әр
2. Қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны.
 3. Шешім.
 4. Жарғы.
 5. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды.
 6. Дабыл түймесі
 7. 7. Өрт дабылының құжаттары.
 8. Бейнебақылау құжаттары.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама «Азаматтарға арналған мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалының Еңбекшіқазақ аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімінен берілген, БСН 191040007702

Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы №KZ79RVK00026128 хабарлама 12.01.2021 20.39 берілген.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Актілек» бөбеюжайы өзіндік бағалау 2025 жылдың «10» желтоқсан мен «29» ақпан аралығында өтті.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Актілек балабақшасы» 2020жылдың «02» «қазанынан » бастап жұмыс істейді. Тізім бойынша 75 бала тәрбиеленуде. Балабақшада ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жоқ. Әр топ балалардың жас ерекшелігіне сәйкес топтастырылған. Балабақшаның жұмыс уақыты: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері сағат 07.30 -дан 18.00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

Көрсетілген құжаттарды талдай және зерттей отырып, сыртқы байқау арқылы балабақша қызметін бақылау төмендегідей жағдайды көрсетті: балабақшаның тәрбие мен оқыту объектілері санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес барлық параметр бойынша қоршалған, ойын алаңдары балалардың жас ерекшеліктері бойынша және әртүрлі мақсаттарға арнайы жабдықталған, яғни,пантус балаларға арналған ойын құралдары, құммен ойын алаңдары, жас ерекшеліктеріне сәйкес ойын сырғанақтары орналастырылған. Барлық ойын алаңдарында шағын қоқыс жәшігі орналасқан.

Балабақшаның дезинфекциялы жұмыстары келісімшарт бойынша жүргізіліп тұрады. Балабақшаның жылу жүйесі отынмен көмірмен жылынады. Су құбыры орталықтандырылған.

Әр топтың ойын, жатын бөлмелері, дәретханалары бар. Барлық топ балаларының тамақтанатын орны бөлек орналасқан.

Балабақша тәрбиеленушілері 3 топқа орналастырылған. Әр топтың қабылдау, ойын және жатын бөлмелері, қол жуатын бөлмесі және дәретханалары бар. Балабақшада балабақшамен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық бұрыш ұйымдастырылған. Egov бұрышы бар. Балабақша топтарында санитарлық-дезинфекциялық режим сақталады. Жуу және дезинфекциялық заттар жеткілікті жағдайда. Әр топтағы жиһаздар балалардың жас ерекшеліктерінің параметрлеріне сәйкес жабдықталған (4 қосымшада нақты

көрсетілген). Бөлмелер жарық лампаларымен жабдықталған. Әр топта және әр бөлмеде жылу, жарық берілу режимдері қатаң сақталады. Балабақша әкімшілігі тарапынан норматив бойынша әр топ ойыншықтармен, ойын және оқу құралдарымен, арнайы құрал жабдықтармен және ыдыс-аяқтармен қамтамасыз етілген.

Балалардың дұрыс тамақтануы үнемі бақылауға алынған. Перспективтік ас мәзірі жасалған. Медицина бөлмесіндегі құрал -жабдықтар нормаға сай. Нәрсу мен жеміс-жидектер шырынын беру жүргізіліп отырады. Жыл бойы «С» дәрумені үшінші тағамға қосылып беріледі. Ас мәзірі әзірленіп, тағам дайындауда норманың сақталуы тексеріледі. Балалардың балабақшаға келуі туралы, бракераждау, ауру түрлерін есепке алу, тез бұзылатын тағам өнімдерін тізімге алу журналдары үнемі, әкімшілік тарапынан бақыланып отырады. Медбике балалардың тамақтануын ұйымдастыруды, келген азық-түліктің сапасын, оның сақталу мерзімі мен жағдайын, ас дайындау технологиясын, дайын тағамның сапасын бақылайды.

Балабақшада лицензия № 19017465 медициналық бөлмеге бар. Берілген күні 21.08.2019 . (құжат қосымша тіркеледі) Тәрбиешілердің, тәрбиеші көмекшілерінің, асхана қызметкерлерінің іс-әрекеті, асхананың, қойманың санитариялық жағдайы әкімшілік тарапынан, медбикемен қадағаланып отырады. Балалардың тамақтануы және сырқаттануы жайында сараптама жүргізіледі.

Кварцпен залалсыздандыру жұмыстары топтарда, бөлмелерде кестеге сай жүргізіледі. Әр топта балабақшаның жалпы санитариялық-гигиеналық жағдайы бақылауға алынып, тазалық талаптарының орындалуы қадағаланады.

Балабақшаның медициналық бөлмесі керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қызмет көрсету сапасы талапқа сай. Балабақшада тазалық-гигиеналық тәртібі оң жолға қойылған. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы үнемі сақталып отырады. Жұқпалы аурулардың алдын-алу және шынықтыру шаралары жоспарлы жүргізілуде. Аурудың алдын-алу жұмыстары балабақша медбикесінің нұсқауымен жүргізіледі. Жыл мезгіліне қарай денсаулық күндері, спорттық сауықтар мен эстафеталық ойындар өткізіліп, іс-шаралар материалдары жинақталған. Балалармен оксалин майын мұрынға жағу, нәрлеу мен жеміс-жидек шырындарын беру үнемі жүргізіледі. Жыл бойы «С» витамині тағамға қосылып беріледі. Балабақша медбикесі шынығу жұмыстары бойынша бақылау жүргізеді. Ата-аналарға да пайдалы кеңестер қажеттілігі мен балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес тиімді тақырыптарда беріледі. Балабақша қызметкерлері үнемі, уақтылы медициналы тексеруден өтеді.

Балабақшадағы білім беру және тәрбиелеу жұмысын жақсартуда педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізіледі. Жас мамандармен кеңестерді жанжақты қызықты өткізумен қатар заман талабына сай құнды пікірлер беріледі. Педагогтермен әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары (кәсіби байқаулар, біліктілік көрмелер, семинар, шебер сыныптар т.б.) ұйымдастырылады.

- перспективалық жоспарға;

Балабақша ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Сондықтан балабақшада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары құрылған, сол жоспарға сәйкес жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. Ата-аналармен жұмыстың дәстүрден тыс формалары арқылы, атап айтқар болсақ семинар, тренингтер, мерекелік ертеңгіліктер, ойын-сауықтар, ашық есік күндері өте тиімді ұйымдастырылған.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін, педагогикалық мәдениетін арттыру үшін ұйымдастырылады. Баланы тәрбиелеу, оқыту мен бейімдеу процестеріне тарту арқылы мектепке дейінгі ұйым мен отбасының күш -жігерін біріктіру, сенімді қарым-қатынас орнату, ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілетін жұмыстар балаларды тәрбиелеу мен оқытуға, балалардың шығармашылығы мен өз бетінше әрекет дағдыларын қалыптастыруға, «педагогбала-ата-ананың» бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған. Ата-аналармен дәстүрлі түрде балалардың жас ерекшеліктеріне сай физикалық және психикалық дамуы мен жана оқу жылына міндеттері талқыланады. Балабақшада ата-аналарға педагогикалық білім беру дер кезінде көрнекі материалдармен хабардар ету негізгі орын алады.

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

2023-2024, 2024-2025,2025-2026 оқу жылдарына барлық топқа оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметі мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі құрылып, меңгеруші тарапынан бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметтері мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің оқу жоспарлары мен кестесі МДТО ҮОЖ -на сәйкес құрылған.

2023-2024 оқу жылына құрылған оқу жоспарлары ортаңғы «Ботақан » тобында дене шынықтыру аптасына 3 рет және күн сайын, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері күн сайын, қазақ тілі аптасына 1 рет және күн сайын, музыка 2 рет және күн сайын жоспарланған.

Ересек «Құлыншақ» тобында дене шынықтыру аптасына 3 рет және күн сайын, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері күн сайын, қазақ тілі аптасына 1 рет және күн сайын, музыка 2 рет және күн сайын жоспарланған.

Тәрбиелеу-білім беру процесі(2023-2024жж)

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылды.

2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына:

- Әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік мен
 - перспективалық жоспарға;
 - циклограммаға;
 - тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы перспективалық жоспары, циклограмма құрылымы педагогикалық кеңесте каралып, бекітілген. Перспективалық жоспарды мақсаты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрыққа қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрыққа 1-қосымша), 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрыққа қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрыққа 1-қосымша) сәйкес ұйымдастырылды.

Балабақшаның 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1- қосымшасы, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1- қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1- қосымшасына сәйкес жасалған. 2023-2024 оқу жылында әр топтың оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесінде жоғарыдағы бұйрықтарды негізге ала отырып, бес білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сай, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемесінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жоспарланған оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1- қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1- қосымшасына сәйкес келеді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарындағы циклограмма көшірмелері №4 папкада жинақталып ұсынылды.

Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылды. Барлық топтың циклограммасында жоспарлы түрде ұйымдастырылған іс-әрекеттер бекітілген оқу жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесіне және перспективалық жоспарға сәйкес келеді және кіріктіріліп жоспарланған.

Циклограмманы жоспарлауда педагогтер

- Аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- Өрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік мен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- Балаларды тәрбиеле мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- Өрбір балалар әрекетін ұйымдастыр үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру талаптарын негізге алады.

2023-2024 оқу жылының циклограммасында жоспарланып ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары өтпелі тақырып пен перспективалық жоспарға сәйкес алынған. Циклограмманы жоспарлау барысында тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтерін жоспарлау бөлімінде оқу мақсатын перспективалық жоспарын, ал ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсатын өтпелі тақырыппен байланыстырып ойын түрлерін енгізе отырып жоспарлаған.

Балабақшаның білім беру-тәрбиелеу процесінде педагогтер дамытушы ойындар, ӨТШТ технологиясын, ойын технологиясын, мнемокесте және денсаулық сақтау технологияларын өте тиімді жоспарлау арқылы пайдаланған. Тәрбиеленушілердің шығармашылық және интеллектуалды қабілеттерін дамытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлар жасау арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру барысында жұмыс жүргізілді.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы циклограммасында ұйымдастырылған іс-әрекеттер кіріктіріліп жоспарланады. Күтілетін нәтижелерге жету үшін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін педагогтер дәстүрлі сөздік, көрнекілік, практикалық, ойын және дәстүрден тыс шаттық шеңбері, тренингтер, релаксация, жобалау, галерея, мерседес, бес саусақ, сұрақжауап, әңгімелесу т.б. әдістерін қолданады. Дамытушы ойындар, дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындарды, қимылды, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамыту жұмыстары жүргізілді. Баланың интеллектуалдық қабілетін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру үшін «Мнемотехника әдісі арқылы балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру», «Инновациялық технологиялар арқылы баланың таным белсенділігін, интеллектуалдық қабілетін, сыни ойлауын, командада жұмыс істей білуін жетілдіру», «Дұрыс қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу», «Дамыту және дидактикалық ойындар арқылы баланың таным белсенділігін, сыни ойлауын, коммуникативтік-элеуметтік дағдаларын қалыптастыру», «Білім беру ресурстарын пайдалануда педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру», «Баланың жеке басының шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту арқылы адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру», «Балалардың қабілетін зерттеу әрекеті арқылы дамыту» міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес барлық топтардың күн тәртібі құрылып, меңгеруші тарапынан бекітілген. Күн тәртібінде балалардың балабақшада болу уақыты 07.30.18.00 аралығында 10,5 сағатқа құрылған.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында ерекше білім беруу қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру барысы балалардың денсаулықты сақтау, тілдік-коммуникативті, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзыреттілігінің дамуына бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны: тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктерімен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін индикатор жүйесін енгізу арқылы іске асырылады. Балабақшада білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін заманауи технологиялар қолдану арқылы көрнекілік, сөздік, практикалық, дәстүрлі әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылды. Әр оқу жылының басында педагогикалық ұжым әдістемелік нұсқау хаттағы ұсынылған өтпелі тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспарды құрады. Тәрбиешілер мен мамандар перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған циклограмманы құрастырады. Циклограммада санитарлық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібінің сәттері, мазмұны мен ұзақтығы анықталады. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжетті рөлдік, қимылды, т.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды. Тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақыланады. Педагогтар бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін мониторинг арқылы жүзеге асырады. Мониторинг нәтижелері бақылау парағында толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Педагогтар мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын саралап толтырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін қалыптастыруда тәрбие мен оқыту процесінде тиімді заманауи технологияларды енгізу; озық инновациялық технологияларын қолдану; әртүрлі қызмет түрлерінде баланың өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін балабақшаның дамыту ортасын құру; педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру; материалдық – техникалық базасын нығайту сияқты балабақша қызметін дамытудың тұжырымдамалық бағыттары нақты көрсетілген. Жылдық жоспарлар №1 педагогикалық кеңесте бекітіліп,

жоспарланған жұмыстар уақытылы атқарылады. Педагогикалық кеңестердің әдістемелік отырыстардың жұмыс жоспарлары мен хаттамалары уақытылы талапқа сай жазылып, жинақталған. Хаттамаларда хаттаманың реттік нөмірі, өткізілген күні, орны, қатысқан қызметкерлер саны, төрағасы, хатшысы, күн тәртібінде қаралатын мәселелер, шешімі көрсетілген.

Балабақшаның педагог мамандарының кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған педагогикалық кеңестер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, ашық оқу қызметтері, кеңестер және т.б іс-шаралар уақытылы өткізіледі.

Сондай ақ, Online.edu.kz, BilimLand білім беру платформаларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленген мультфильмдер, аудиожазбалар, бейнесабақтар үлгілерін де қолданады. **Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау:**

Балабақшада баланың жас ерекшелігіне қарай психикалық жетілуі үшін жағдай жасалынған. Баланың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндіктері мен қабілетін дамытуға ықпал ету мақсатында қызмет атқарады.

Балабақша балалардың тәрбиелеуіне мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасалынған. Сонымен қатар заттық дамытушы орталықтардың балаларға қол жетімді болуы, оның мүмкіндіктерін барынша қолдануына жағдай жасалынған. Балалардың таным процестерінің даму деңгейі, бейімделуі, мектепке психологиялық дайындығы, қабілеттері, мінезі, темпераенті зерттеліп, дамытылады.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер құрылып, балабақша мен бастауыш білім беру арасында сабақтастық жұмыстары жүргізіледі. Осы мақсатта балабақша «А.Бубенцов» атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдерімен тәжірибе алмасу мақсаты көзделген. Мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтерінің өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік» күндеріне қатысу, мектеп пен ересек топ тәрбиеленушілерімен бірлескен сурет көрмелері өткізілген.

Түрлі жас кезеңіндегі балаларға психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша ағарту ісінің қажеттілігін ескеріп, мектепке дейінгі әр жастағы балалардың, сондай-ақ олардың тәрбиешілерінің және ата-аналарының психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіледі.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық дамытушы орта құру:

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында балабақшаның материалдық базасын жетілдіру жұмыстары жоспарланған.

Ғимараттың бірінші қабатты болғандықтан барлық топ ретті орналасқан. Әр топта балаларды қабылдау бөлмесі, ойын бөлмесі, жатын бөлмесі және жуынатын бөлме мен дәретханадан тұрады. Ойын, тамақтанатын, жатын және т.б. бөлмелер балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау, нығайту, оларды салауатты өмір салты заңдылықтарына бейімдеу, мектепке оқытуға қажетті дағдыларды меңгеруіне, зияткерлік, эмоционалдық дамуына, жалпы адами және

ұлттық құндылықтарға бейімдеу, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламасын игеруіне жағдай жасайтындай жабдықталған. Бөлме жиһаздары балалардың жас ерекшелігіне, дене дамуына сай үйлесімді іріктелген. Жатын бөлмеде балаларға арналған төсектер мен төсек әбзелдері, қабылдау бөлмесіндегі киім ілетін, шкафтар, ойын, оқу бөлмесіндегі үстел, орындықтар бала санына жеткілікті. Әр баланың үстел, орындықтары, төсектер мен төсек әбзелдері таңбаланған. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылған және баланың өз-бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтармен жабдықталған. Балалардың өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға жағдай жасалған. Заттық дамытушы орта қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі әрі тартымды ұйымдастырылған. Ересек «Құлыншақ» тобында дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, кітаптар, альбомдар, суреттер мен карточкалар бар. Сондай-ақ зерттеуге арналған құралдар жинақталған. Балаларға арналған арнайы фартуктар мен халаттар, үлкейткіш құралдар, , құм, топырақ, бояу түрлері, , глобус, арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар, түрлі заттардың шаблондары мен макеттері және басқа да құралдармен толықтырылған. Балалар көбінесе бос уақыттарында эксперимент жүргізеді. Топтарда сондай-ақ балалардың таным белсенділігін арттыруға және адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге бағытталған әр түрлі көлемдегі дамытушы дидактикалық ойыншықтар (мозайка, пазлдар, қима суреттер, суретті кубиктер, лото, домино, , , желілі-рөлді ойындарға керекті жабдықтар, қимылды ойынды ұйымдастыруға арналған атрибуттар, ойыншық жихаз, балалар ыдысы, маусымдық киімдері бар қуыршақтар, қуыршақ театрына арналған шымылдық, үстел үсті театрына арналған қуыршақтар, саусақ, көлеңке театрына арналған қуыршақтар, транспорт түрлері, жолда жүру ережесін сақтауға байланысты ойыншықтар, баланың қол моторикасын дамытуға арналған ойын түрлері және т.б.) жинақталған. Ірі ойыншықтар еденде, ұсақ ойыншықтар сөренің жоғарғы жағында баланың қолы жететіндей жерде орналасқан. Орталықтар балалар еркін қозғала алатындай ыңғайлы жабдықтылып орналасқан. Әрбір орталықтың өз белгісі мен ережесі жасалынған. Топтарда баланың жас ерекшелігіне қарай бөлме өсімдіктері оларды түтіп баптауға арналған құралдар бар. Және табиғат бұрышы мен кезекшілік бұрышы жасалып табиғи материалдар жинақталған (жаңғақ, кептірілген жапырақ т.б.). Әр топта жалпақ табандылықтың алдын алуға және шынықтыруға арналған массажды жолақшалар мен құралдар бар. Әр оқу жылында барлық топтағы заттық дамытушы орта ойыншықтар, орталықтағы құралдар балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Балабақшаның ойын алаңының жағдайы.

Ойын алаңдарының шегі бұталармен бөлінген. Әр алаңда құммен ойнауға жағдай жасалған. Барлық топта беседкалары бар. Беседканың ішінде алынбалы үстелдер және бекітілген орындықтар бар. Ойын алаңында карусель, сырғанақ, әткеншек, құммен ойын алаңдары, балалардың бір уақыт отырып демалуына арналған орындықтар бар. Барлығы баланың денсаулығына зиянсыз таза ағаштан жасалған. Балалардың дене жағынан дамуы мен денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру алаңы, қажетті құрал жабдықтармен жабдықталған. Ол жерде гимнастикалық бөрене, баскетбол шигі, турник, арқан лақтыруға нысанаға тигізуге арналған спорт комплексі орналасқан. Балабақшаның айналасы көгалдандырылған. Ойын алаңдары мен балабақша айналасында балалардың серуен бөлімінде бақылауына арналған өсімдіктер өсіріледі. Сондай –ақ үй жануарлары мен жабайы аңдардың мүсіндері орналасқан. Жолдар асфальтпен және бручаткамен жабылған, жолдары тегіс, жолда жүру ережесін үйренуі үшін және басқа ойындар ойнауы үшін түрлі бояулар мен сурет салынған.

Балабақшада өрт қауіпсіздігіне байланысты іс – шаралар жүргізіледі. Өрт сөндіруге арналған, 1 шелек, 1 сүймен, 1 күрек, 7 көпіршікті өрт сөндіргіш, 1 балта, 1 құмы бар жәшік сияқты құрал жабдықтар бар. Әр топ пен дәлізде өрт сөндіру көбікті балоны орналасқан.

Балабақша қазіргі заман талабына сай ақпараттық-техникалық құрал жабдықтармен жабдықталған. 1 проектор, 1 смарттеледидар, 1 ноутбук, 1 принтермен қамтамасыз етілген. 1 интернет желісі орнатылған.

Барлық үлескілер мен ойын, спорт алаңдары, кіре беріс, асхана, тамақ тарататын жер, асхана, музыка мен дене шынықтыру залы, дәліз, балаларды қабылдау бөлмесі, ойнайтын, тамақтанатын бөлмелер, ұйқы бөлмесіне, балалардың жуынатын бөлмесіне, сапалы бейне бақылау камералары орнатылған (ұзын саны 13)

«Бес білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.

Әр топтың оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесінде жоғарыдағы құжаттарды негізге алып, бес білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген.

Оқу жоспарлары мен жүктемелік кесте құрылу барысында балалардың жас ерекшеліктері ескерілді.

Стандарт, бағдарлама, оқу жоспары мен жүктемелік кестені негізге ала отырып әр топқа перспективалық жоспар құрылды. Перспективалық жоспардың мақсаты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 2021-2022 оқу жылдарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйек №412 бұйрық, 2022-2023 оқу жылында) 2022-2023 (17 қазаннан) бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады. Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттермен кіріктіріліп ұйымдастырылады.

Мамандармен жұмыстану барысында кәсіби шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар (педкеңестер, семинарлар, байқаулар, көрмелер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, т.б.) тәрбиешілердің біліктілік деңгейлерінің жоғарылауына әсер етті. Балабақшамыз аудан, облыс, республика көлемінде өткізілген іс-шараларға белсене қатысып жүзделі орындар алып жүр.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

Ұйым тәрбиешілері мен педагог мамандар өзінің шеберлігі мен біліктілігін үнемі арттырып отырады. Семинарлар, тренингтер, педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар өткізіледі. Өз білімберін жетілдіру мақсатында курстардан уақтылы өтеді. Аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған

№	Аты-жөні	Қатысқан жылы	Байқау атауы	Орны
1.	Елікбай Кәусар	2023 жыл	«Әнші болғым келеді» балалар әндері байқауы	Диплом I дәрежелі
	Сулеймен Ә	2023 жыл	«Әнші болғым келеді» балалар әндері байқауы	Диплом I дәрежелі
3.	Байжұма Ж	2023 жыл	Отбасылар толағай сайысын иегері	Диплом I дәрежелі
4.	Абайбек Р	2023 жыл	«Қысқы қиял» атты Республикалық суреттер, фото суреттер қол өнерлері және ашықхаттар байқауының иегері	Диплом I орын
5.	Әділбек А	2023 жыл	«Қысқы қиял» атты Республикалық суреттер, фото суреттер қол өнерлері және ашықхаттар байқауының иегері	Диплом
6.	Байғазы Ж	2023жыл	Республикалық шығармашылық интернет-байқауы «Тәуелсіз елім Қазақстаным»	Диплом III дәрежелі
7.	Турысбек А	2023 жыл	Республикалық шығармашылық интернет-байқауы «Тәуелсіз елім Қазақстаным»	Диплом I дәрежелі
8.	Тілеубек Ж	2024 жыл	«QAZAQ QOGAM» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен балалар арасында өткен «Менің арманым – менің болашағым» атты Республикалық онлайн ән айту сайысы	Диплом I дәрежелі

9.	Қожайба А	2024 жыл	Республикалық «Дара бала» журналының ұйымдастырумен өткізілген «ДАРА БАЛА» атты байқауда «ЭСТРАДА ВОКАЛ» аталымы бойынша өнер көрсетіп, ерекше өнерімен көрермен көзайымына айналған, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған	Диплом II дәрежелі
10.	Төлебай Х	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом I орын
11.	Бағдаулет Алияр	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом I дәрежелі
12.	Бақытжанқызы Ясина	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом I орын
13.	Қожайбақызы Айым	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом II орын
14.	Ибрайхан Бегім	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом I орын
15.	Қасымғазы Маржан	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом II орын
16.	Сәрсенғазы Ғазиза	2025 жыл	Республикалық "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты шығармашылық онлайн байқау	Диплом II орын

байқауларға, семинар, конференцияларға қатысып өз іс-тәжірибелерімен бөліседі. Сондай-ақ, тәрбиеленушілерді байқауға жоғары жайындақпен қатыстырып отырады.

Педагогикалық ұжымның сандық құрамы (4-қосымша)

Оқу жылы	Жалпы педагог саны	Мектепке дейінгі білімі бар педагогтер саны	%	Педагогикалық білімі бар педагогтер саны	%
2023-2024	7	6	85,7	1	14,3
2024-2025	7	6	85,7	1	14,3
2025-2026	7	6	85,7	1	14,3

Балабақша тәрбиеленушілері шығармашылық, спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленеді.

2. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

- Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар

Тәрбиеленушілердің соңғы үш жылдағы сандық көрсеткіші

Көрсеткіштер	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Топ саны	3	3	3
Жасына қарай топтар саны	2жастан-1 3 жастан бастап – 1 4 жастан бастап – 1	2жастан-1 3 жастан бастап – 1 4 жастан бастап – 1	2жастан-1 3 жастан бастап – 1 4 жастан бастап – 1
Топтар саны			
Кіші топ	1	1	1
Ортаңғы топ	1	1	1
Ересек топ	1	1	1
Жалпы саны	3	3	3
Кіші топ	25	25	25
Ортаңғы топ	25	25	25
Ересек топ	25	25	25
Барлығы	75	75	75

2023-2024оқу жылында 3 топ жұмыс істеді. Тәрбиеленушілер саны-75. Жас кезеңдерін және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау барлық топта сақталған:

1.	Кіші топ «Балапан» (2 жастан бастап)	25
3	Ортаңғы «Ботақан» (3 жастан)	25
4	Ересек «Күншуақ» (4 жастан)	25

2024-2025оқу жылында 3 топ жұмыс істейді. Тәрбиеленушілер саны-75. Жас кезеңдерін және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау барлық топта сақталған:

1.	Кіші топ «Балапан» (2 жастан бастап)	25
3.	Ортаңғы топ «Ботақан» (3 жастан бастап)	25
6.	Ересек топ «Құлыншақ» (4 жастан бастап)	25

Аралас топты жасақтау

Топ атауы: «Балапан 1» аралас тобы :10 бала. 4 жас

«Балапан »аралас тобы :15 бала .2жас

2025-2026 оқу жылында 4-топ жұмыс істейді. Тәрбиеленушілер саны-75.

Жас кезеңдерін және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау барлық топта сақталған:

1	Аралас топ «Балапан-1» (4 жастан бастап)	10
2	Аралас топ «Балапан-» (2 жастан бастап)	15
3.	Ортаңғы топ «Ботақан» (3 жастан бастап)	25
4	Ересек топ «Құлыншак» (4 жастан бастап)	25

Тізімдер қосымшада берілді.

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Ащыбұлақ ауылы

ЖШС «Ақтілек» бөбекжай- балабақшасы

БҰЙРЫҚ

Күні: 2025ж. «29»08

№ 26

Топтарды жинақтау және 2025/2026 оқу жылындағы тәрбиеленушілер саны туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1-қосымшаның 14-т., 1 және 4) тармақшалары негізінде БҰЙЫРАМЫН:

- 2025-/2026 оқу жылы _ адамнан тұратын мынадай топтар құрылсын:
«Балапан» топ – аралас – 2 жастан бастап
«Балапан--1» – аралас – 4 жастан бастап
«Ботақан» топ – ортаңғы – 3 жастан бастап
«Құлыншақ» – ересек – 4 жастан бастап
- Жалпы саны _ адамды құрайтын топтар бойынша балалар тізімі мен тәрбиеленушілер саны бекітілсін.

Топ нөмірі	Топ	Жасы	Саны
«Балапан» топ	аралас	2	15
«Балапан--1» топ	аралас	4	10
«Ботақан» топ	ортаңғы	3	25
«Құлыншақ» топ	ересек	5	25

- Құрылған жас ерекшеліктері топтарының дербес құрамы бекітілсін (1-қосымша)
- Тәрбиеленушілердің жеке істерін рәсімдеп, балалардың тізімін:
– топ тәрбиешілеріне;
– мейірбикеге – құжаттаманы рәсімдеу үшін;
– бухгалтерияға – ата-аналар төлемін есептеу үшін өткізсін.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші: Дауткулова А



Бұйрықпен танысты:

жаз / Ташрова Ж.
қолы / Т. А. Ә.

Жасинова Д.
қолы / Т. А. Ә.

Естеминова Т.
қолы / Т. А. Ә.